Қазақстан Республикасының ІІМ
Басқару академиясы

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ХАТТАМА
№ 3
Астана қ.
2025 ж. 20.11.

ПРОТОКОЛ
№ 3
г. Астана
20.11.2025 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға – О.Т. Сейтжанов
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 22 адам (тізімі қоса беріледі).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленушілерге келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету және параллельді қаржылық тергеу жүргізу» әдістемелік ұсынымдарын қарау туралы.

ҒЗИ аға ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың баяндамасы.

2. Докоранттарға диссертация тақырыптарын бекітуді талқылау туралы.

ЖББФ аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі С.А. Дарменованың баяндамасы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – ҚР ІІМ Тергеу департаменті қызметкерлері мен бейінді жоғары оқу орындарының қатысуымен әзірленген зиянды өтеуді қамтамасыз ету және параллельді қаржылық тергеу жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы баяндады. Ұсынымдар тергеушінің қызметін біріздендіруге бағытталғанын және мүлікті анықтау, оған тыйым салу және зиянды өтеу бойынша іс-қимыл алгоритмін қамтитынын атап өтті. Құрылымы негізгі құқықтық ережелерді, принциптерді және тергеу алгоритмін қамтитынын хабарлады. Оң рецензиялар алынды, ұсынымдарды тапсырыс беруші қабылдады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды зерделегенін, бұрын айтылған ескертулер мен ұсыныстардың ескеріліп, жойылғанын атап өтті. Құжат тапсырыс берушімен де келісілген. Қатысушылар тарапынан қосымша ескертулер болмаған жағдайда әдістемелік ұсынымдарды мақұлдауды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Әдістемелік ұсынымдар мақұлдансын және Академия Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

Scanned with CamScanner

2. ТЫҢДАЛДЫ:

1-курс докоранттары диссертациялық зерттеу тақырыптарының негіздемесімен сөз сөйледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Хакимов Е.М. – К.А. Ануарованың тақырыбының проблемалық сипатын күшейту қажеттігін атап өтті; Кенжеева С.С. тақырыбы бойынша зерттеу нысанын электрондық дәлелдемелер мәселелерін қосу арқылы кеңейтуді ұсынды.

Цой О.Р. –Т.С. Шаудыроваңың тақырыбындағы «қауіпсіз орта» ұғымын нақтылау қажеттігін көрсетті.

Сейтжанов О.Т. – К. Жарылкасынованың тақырыбының өзектілігін, сонымен қатар оны іске асырудың күрделілігін атап өтті; Е.Н. Жакипбековтың тақырыбы бойынша зерттеу нысанын нақтылау қажеттігін көрсетті; Т.С. Шаудыроваңың тақырыбы бойынша зерттеу бағытын нақтылауды; Г.Т. Шрахметованың тақырыбы бойынша тақырыптың тұжырымдамасы мен зерттеу нысанын қайта қарауды ұсынды.

Қалған тақырыптар бойынша ескертулер түскен жоқ. Пысықтауды ескере отырып мақұлдау ұсынылды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Диссертациялық зерттеу тақырыптарын пысықтау ұсынылсын: проблеманы күшейту және тақырыптың тұжырымдамасын нақтылау арқылы 22.11.2025 ж. дейінгі мерзімде пысықталсын.

3. Пысықталғаннан кейін диссертациялық зерттеу тақырыптары Ғылыми кеңестің қарауына шығарылсын.

Төраға **О. Сейтжанов**

Хатшы **А. Алимханова**

Scanned with CamScanner